

«Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы»
акционерлік қоғамының Басқармасының шешімімен

Мақұлданды

(2018 ж. "25" қазандағы № 121 отырыс хаттамасы)

«Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы»
акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімімен

Бекітілді

(2018 ж. "01" қарашадағы № 65 отырыс хаттамасы)

Шетелге шығатын азаматтарды ерікті сақтандыру ережесі

Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Құжат 01.11.2018 ж.бастап қолданысқа енгізіледі. Бұл құжат басып шығарылған түрде ақпарат үшін пайдаланылады. Құжаттың көшірмесін куәландыру үшін ПББ-ға жүгіну қажет

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	3
1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы	3
2-тарау. Терминдер және қысқартулар	3
2-бөлім. Шетелге шығатын азаматтарды ерікті сақтандыру	4
3-тарау. Сақтандыру төлемі.....	4
4-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы, нысаны және төлеу тәртібі	4
5-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	4
6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	5
7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	6
3-бөлім. Шетелге саяхат кезінде азаматтардың медициналық және/немесе медициналық-көліктік шығыстарын сақтандыру	7
8-тарау. Сақтандыру объектісі	7
9-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.....	7
10-тарау. Сақтандыру жағдайы. Сақтандыру тәуекелі	9
11-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері	9
12-тарау. Сақтанушының Сақтандыру оқиғасы басталған кездегі іс-қимылдары.....	11
13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	11
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін төлеу тәртібі мен талаптары.....	12
15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	12
16-тарау. Дауларды шешу тәртібі	13
17-тарау. Қосымша талаптар	13
4-бөлім. Шетелде саяхат кезінде азаматтардың өмірін жинақтаушы емес сақтандыру	13
18-тарау. Сақтандыру жағдайы. Сақтандыру тәуекелі	13
19-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.....	13
20-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері	14
21-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталған кездегі Сақтанушының іс-қимылдары.....	15
22-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	15
23-тарау. Сақтандыру төлемін жүргізу тәртібі және талаптары	15

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Мақсаты мен қолдану саласы

1. Осы Шетелге шығатын азаматтарды және олардың медициналық шығыстарын ерікті сақтандыру ережесіне сәйкес «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы, жеке және заңды тұлғалармен шетелге шығатын азаматтарды ерікті сақтандыру шарттарын жасайды және оларға сақтандыру құқықтық қатынастарының туындағанын куәландыратын сақтандыру полисін береді.

2. Осы Сақтандыру ережесінің көшірмесі Сақтандыру шартын жасасу барысында Сақтанушыға беріледі, Сақтандыру ережесі Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер және қысқартулар

3. Осы Сақтандыру ережесінде келесі терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады:

1) кенеттен ауру – Сақтандыру полисінің қолданылуы кезеңінде күтпеген жерден туындайтын және шұғыл медициналық көмекті талап ететін ауру;

2) Сақтандырылушы – Сақтанушы оның пайдасына сақтандыру шартын жасайтын тұлға. Сақтанушы сақтандыру шартын өз пайдасына жасаған жағдайда, ол Сақтандырылушы болып табылады. Сақтандырылған тұлға бір мезгілде Пайда алушы болып табылады, Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, шартта басқа тұлға көрсетілмесе, Пайда алушының мұрагерлері сақтандыру төлемін алушылар болып табылады;

3) компания-assistance (сервистік компания) – сақтандыру компанияларының клиенттері үшін медициналық, заңдық, көліктік, ақпараттық және басқа да сервистік қызметтерді ұйымдастыруды үйлестіреді;

4) жалған мәліметтер – сақтандыру шартын жасау күніне шындыққа (сақтандыру объектісі туралы нақты деректерге) сәйкес келмейтін, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін, оларға сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар сақтандыру объектісі туралы Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде берген мәліметтер;

5) медициналық шығыстар – білікті практика жүргізуші дәрігер көрсеткен немесе ұйғарған терапевтік немесе хирургиялық емдеуге байланысты Сақтандырылған тұлға тұратын елден тыс жерде туындайтын немесе медициналық мекемеде емделумен байланысты және Сақтандырылған тұлға тұратын еліне қайтып оралғанға дейін кейінге қалдыруға болмайтын қажетті, сөзсіз шығындар;

6) жазатайым оқиға – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің сақтандырылушының ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертігуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай). Аурудың кез келген түрі, оның ішінде кәсіби аурулар жазатайым оқиға болып табылмайды;

7) сақтандыру нысаны – Сақтандыру жағдайының орын алуы салдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына байланысты зиян келуі және өліміне, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімінің аяқталуына дейін Сақтандырылушының өмір сүруіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері. Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды;

8) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға;

9) Сақтандырушы – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

10) сақтандыру мүддесі – сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;

11) сақтандыру Полисі (әрі қарай мәтін бойынша – Полис) – сақтандыру шарты, Сақтандырушы оған сәйкес Сақтанушы (Сақтандырылушы) төлейтін алдын-ала келісілген төлем (сақтандыру сыйлықақысы) үшін Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді;

12) сақтандыру жағдайы – оның орын алуымен Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеті туындайтын сақтандыру шартында көзделген оқиға;

13) сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

14) франшиза – сақтандыру шартының талабы, сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалдарды өтеуден босатуды көздейді.

15) Сақтандыру ережесі – Шетелге шығатын азаматтарды ерікті сақтандыру ережесі;

2-бөлім. Шетелге шығатын азаматтарды ерікті сақтандыру

3-тарау. Сақтандыру төлемі

4. Сақтандыру төлемі немесе Сақтандырылушының шығыстарын төлеу төменде келтірілген схемалардың бірі бойынша жүзеге асырылады:

1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, сақтандырушы мен Сервистік компания арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес Сервистік компания және оның өкілдігі арқылы төленген көмекті алады.

2) Сақтанушы (Сақтандырылушы), сақтандыру жағдайы басталған кезде шығыстарды өз бетінше төлейді, шет елден қайта оралған соң сақтандырушыға ұсынылған құжаттар негізінде сақтандыру төлемін алады.

4-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы, нысаны және төлеу тәртібі

5. Сақтанушы сақтандыру мерзімі басталатын күннен кешіктірмей Сақтандырушыға енгізуге міндетті, сақтандыру төлемі сақтандыру сыйлықақысы болып табылады.

6. Сақтандыру сыйлықақысы осы Ереженің 6-тармағында көзделген мерзімде төленбеген жағдайда, сақтандыру шарты күшіне енбеген болып саналады.

7. Сақтандыру сыйлықақысы өз уақытында төленбеген жағдайда, мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы сақтандырудың бүкіл мерзімі үшін толық көлемде төленген күннен кейінгі күн сақтандыру мерзімінің басы болып есептеледі.

8. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру мерзімі басталғанға дейін, сақтандырудың бүкіл мерзімі үшін бір мезгілде, біржолғы төлеммен төлейді.

9. Сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз есеппен төлеуге болады.

5-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

10. Сақтандыру шарты, полисте сақтандыру мерзімінің басталуы ретінде көрсетілген күнге дейін сақтандыру төлемі толық көлемде төленген жағдайда ғана күшіне енеді.

11. Сақтандыру шарты Сақтандыру аумағында қолданылады, Сақтандырылушының тұрақты тұратын елін және Сақтандырылушы азаматы болып табылатын елді қоспағанда.

12. Сақтандыру аумағы Полсите көрсетіледі. Бұл ретте Сақтандыру полисі кез келген жағдайда әскери іс-қимылдар жүргізіліп жатқан елдердің, Сақтандырылушы тұрақты тұратын және азаматы болып табылатын елдің аумағында қолданылмайды.

13. Егер Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін, Сақтандыру шартын жасасқан күні полисте көрсетілген Сақтандыру аумағы жоғарыда аталған белгілерге сәйкес келетіні анықталған жағдайда, Сақтандыру шартының қолданылуы оны жасасқан күннен бастап осы Сақтандыру аумағына қолданылмайтын болып танылады.

14. Сақтандыру шарты қолданылатын аумақтан мыналар алынып тасталады:

- 1) әскери іс-қимылдар жүріп жатқан мемлекеттердің аумағы;
- 2) БҰҰ экономикалық және/немесе әскери санкциялары қолданылған мемлекеттер;
- 3) індеттер, өзге де жаппай аурулардың ошақтары анықталған және танылған аумақтар;
- 4) ол жерге барған кезде адамдардың денсаулығына анық зиян келуі мүмкін мемлекеттердің аумақтары.

15. Сақтандыру мерзімі келген елдің жергілікті уақыты бойынша есептеледі және сақтандыру полисінде сақтандыру мерзімінің басталуы ретінде көрсетілген күні сағат 00-00-ден ерте басталмайды және сақтандыру полисінде сақтандыру мерзімінің аяқталуы ретінде көрсетілген күні сағат 24-00 кешіктірмей тоқтатылады.

16. Егер сақтандыру шарты 30 күннен астам кезеңге жасалса, бұл ретте сақтандырудың нақты мерзімі аз болса және сақтандыру шартын жасасу сәтінде сақтандыру аумағында болған күндердің саны ғана белгілі болса, бірақ шығу күні белгісіз болса, Сақтандырушы сақтандыру полисінің «сақтандыру мерзімі» бағанында айқындалған күндердің саны шегінде жауапкершілік көтереді. Сақтандыру мерзімі шетелге әрбір шығу кезінде, сақтандыру аумағында өткізілген күндердің санына автоматты түрде азайтылады; бұл ретте Сақтандырылушының «сақтандыру мерзімі» бағанында белгіленген уақыт лимиті аяқталғаннан кейін Сақтандырушының жауапкершілігі тоқтатылады.

17. Сақтандыру шартының ең аз қолданылу мерзімі – 1 (бір) күн, ең көп – 1 (бір) жыл.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

18. Сақтандыру шартын/полисін жасасу үшін Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасайды, және онда сақтандыру шартын жасау және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін қажетті деректерді көрсетеді, атап айтқанда:

1) атауы, орналасқан орны, банктік деректемелері, электронды поштасының мекенжайы (бар болса), телефон, факс – заңды тұлғалар үшін;

2) сақтандырылушы тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты, оның жасы, тұратын орны, электрондық пошта мекенжайы (бар болса), телефон – жек тұлғалар үшін;

3) шет елге шығу бағытын, мақсатын және мерзімін;

4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі маңызға ие басқа да мәліметтер (кәсібі, қызмет түрі).

19. Сақтандыру шарты/полисі Сақтандырушы бір жақты тәртіпте әзірлеген үлгілік талаптарға (сақтандыру ережесі) сақтанушының бірігуі арқылы жазбаша нысанда (бірігу шарты), және Сақтандырушының сақтандыру полисін Сақтанушыға беруімен жасалады. Бұл құжаттар бірге (Полис және Сақтандыру шартының аталған көшірмесі) сақтандыру шарты болып табылады.

20. Шетелге шығу мерзімдерін ауыстыруға немесе сақтандыру полисінің жоғалуына байланысты Сақтанушының өтініші бойынша сақтандыру шартын/полисін қайта жасаған кезде, Сақтандырушы оның телнұсқасын ресімдейді. Сақтандыру шарты/полисі қайта жоғалған кезде, Сақтанушы Сақтандырушының полисті жасауға кеткен нақты шығындары мөлшерінде шеккен шығыстарын төлей отырып, Сақтанушының өтініші бойынша оның телнұсқасы ресімделеді.

21. Отбасы үшін немесе бірге баратын 4 адам үшін, олардың қалауы бойынша бір сақтандыру полисі берілуі мүмкін. Полисте әрбір Сақтандырылушы үшін сақтандыру сомасы көрсетіледі.

22. Топты (5 және одан да көп адам) сақтандыру кезінде бір сақтандыру полисі жазылады. Осы Полиске Сақтандырушының өкілі топтың еркін нысандағы расталған тізімін қоса беруге тиіс, онда міндетті түрде топтың әрбір мүшесінің Т.А.Ә., туған жылы көрсетілуі тиіс. Полисте әрбір Сақтандырылушы үшін сақтандыру сомасы көрсетіледі.

23. Сақтандыру шартын жасасу сәтінде жасы 80 жастан асатын тұлғалардың мүлдіктік мүдделеріне қатысты сақтандыру шарты жасалмайды;

24. Жасы 65 және одан асқан, бірақ 80 жастан аспаған тұлғалар келесі тәуекелдер бойынша сақтандырылуы мүмкін: қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу шартымен, медициналық және медициналық – көліктік шығыстар.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

25. Сақтанушы (Сақтандырылушы) құқылы:

- 1) кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға;
- 2) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 3) Сақтандыру ережесі және сақтандыру төлемінің тәртібі туралы түсініктеме алуға;
- 4) сақтандыру аумағында болған уақытта көрсетілген медициналық қызмет көрсету үшін шығыстар ретінде келтірілген ақшаны төлеу жөнінде Сақтандырушыға жеке өзі немесе өкіл арқылы (дұрыс ресімделген және расталған сенімхат немесе өзге де құқық белгілейтін құжат болған жағдайда) жүгінуге.

26. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартын жасасуға және сақтандыру жағдайына қатысты берген ақпаратты тексеруге;

- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындағанын тексеруге;

- 3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартының талаптарын орындамаған кезде, бұзу себептері туралы хабардар ете отырып, сақтандыру шартын бұзуға, бұл ретте төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды;

- 4) Сақтандырылушыға (оның заңды өкіліне) сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағанға дейін Сақтандырылушыдан (медициналық мекемеден, дәрігерден) барлық қажетті құжаттар мен көмек көрсетудің кезек күттірмейтін дәлелдемелерін алуға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салу жіберуге;

- 5) Сақтандырушының Сақтанушы/Сақтандырылушы дұрыс емес мәліметтерді ұсынғанын болжауға негіздері болған жағдайда, оның денсаулығының нақты күйін бағалау үшін Сақтандырылушыға медициналық тексеру жүргізуге;

- 6) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырылған тұлға туралы алдын ала бұрмаланған мәліметтерді хабарласа, сақтандыру жағдайы басталуының жалған немесе бұрмаланған дәлелдемелер табыс етсе, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы;

- 7) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Сақтандыру ережесінің 44-тармағы және 29-тармақ 2) тармақшасында көзделген мерзімде және тәртіпте сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға және/немесе сервистік компанияға хабарламаған жағдайда, сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға;

- 8) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы құзыретті органдарға (Елшілік, консульства және т.б.) хабарлауға.

27. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру сыйлықақысын осы Ереженің 4-тарауында көзделген мерзімде және тәртіпте төлеуге;

- 2) сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

- 3) осы Ереженің 5-тармағы 1-тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

- 4) сақтандыру шарты бойынша құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

- 5) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.

28. Сақтандырылушы міндетті:

1) сақтандыру жағдайымен байланысты құжаттар мен сақтандыру құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) Сақтандырылушының қайтыс болуына байланысты емес сақтандыру жағдайы басталған кезде, соңғысы дереу, бірақ кез келген жағдайда ол басталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей, сақтандыру полисінде көрсетілген телефон (факс) нөмірі арқылы болған оқиға туралы сервистік компанияның диспетчерлік орталықтарының бірін немесе хабарлау фактісін объективті белгілеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен Сақтандырушыны хабардар етуге және олардың барлық ұсыныстарын орындауға міндетті.

Егер Сақтандырылушының дәлелді себептермен жоғарыда көрсетілген мерзімде сервистік компанияның диспетчерлік орталығын немесе Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, ол, уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс. Бұл ретте, сақтандыру жағдайы туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырылушының еркінен тыс себептермен байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

Хабардар етпеудің немесе уақтылы хабарламаудың дәлелді себебі Сақтанушының еркіне тәуелді емес мән-жайлар болып табылады, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш мән-жайлары, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлар (форс-мажор), соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т. б.;

3) медициналық көмек көрсету барысында алынған емдеуші дәрігердің нұсқамаларын сақтауға, медициналық мекеме белгілеген тәртіпті сақтауға;

4) Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі сақтандырылған күндер санынан асып кетсе, Сақтандырылушы Сақтандырушыға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау қызметінің тиісті белгісі қойылған шетелдік паспортты ұсыну арқылы, медициналық көмекке өтініш беру сәтінде сақтандыру мерзімі аяқталмағанын құжатпен растауға міндетті.

29. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға, және оның талабы бойынша олардың көшірмесін ұсынуға (жолдауға);

2) сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, оның негізінде шарт жасалған осы Ережені қоса тіркеп, сақтандыру полисін беруге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру жағдайына қатысты барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға (немесе төлеуден бас тартуға);

4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге және олардың тізбесі мен қабылданған күнін көрсете отырып, Сақтанушыға құжаттардың қабылданғаны туралы анықтама беруге.

3-бөлім. Шетелге саяхат кезінде азаматтардың медициналық және / немесе медициналық-көліктік шығыстарын сақтандыру

8-тарау. Сақтандыру нысаны

30. Сақтандырылушы Полисте көрсетілген сақтандыру аумағында болған уақытында сақтандыру жағдайы басталған кезде, оның шұғыл медициналық және медициналық-көліктік көмек алу қажеттілігіне байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері (қосымша шығындар) сақтандыру объектісі болып табылады.

9-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі

31. Сақтанушы Сақтандырушының келісімі бойынша медициналық және медициналық-көліктік шығыстарды сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын белгілейді және Полисте көрсетіледі.

32. Сақтандырушы сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша өтелмейтін нақты залалының мөлшерін – шарт қойылмайтын франшизаны белгілеуге құқылы.

33. Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) стоматологиялық көмек көрсетуге жауапкершілігінің лимиті – стоматологиялық тексеру, рентгендік зерттеу, жіті тіс ауруының басталуына немесе жазатайым оқиға салдарынан алынған жарақаттарға байланысты тістерді алып тастау немесе пломбалау, 75 евроға баламалы соманы құрайды.

34. Сақтандыру жағдайы басталған және Сақтандырылушы осы Қағиданың 29-тармағы 2) тармақшасына сәйкес, оның басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау туралы талапты орындаған кезде, Сақтандырушы шұғыл медициналық және медициналық-көліктік көмек алу қажеттілігіне байланысты шығыстарды өтеуге және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға және Сақтандырылушының мынадай шығыстары бойынша сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттенеді:

1) медициналық көмек көрсету бойынша шығыстар:

а) дәрігер ұсынған немесе ұйғарған үйдегі (қонақ үйдегі) күтімді қоса алғанда, ауруханаға жатқызу, хирургиялық немесе дәрі-дәрмекпен емдеу үшін қажет болған, жарақаттың немесе кенеттен қатты аурудың салдарынан сақтандыру полисінде айқындалған сақтандыру мерзімінің қолданылу кезеңінде Сақтандырылушының шеккен шығыстары және ауруханаға жатқызу үшін ауруханаға тасымалдау құны.

Сақтандырылушы Полисте көрсетілген сақтандыру аумағына көп жолғы сапарлар жасаған кезде, сақтандыру төлемі Полисте көрсетілген мерзім ішінде, бірақ әрбір сапар шеңберінде Сақтандырылушының жоғарыда көрсетілген аумақта үздіксіз болатын 90 күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Бұл ретте сақтандыру аумағына шыққан кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бір рет кесіп өту және Қазақстан Республикасының аумағына кірген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бір рет кесіп өту сапар болып саналады;

б) стоматологиялық тексеруге, рентгендік зерттеуге, жазатайым оқиға салдарынан алынған жарақаттарға байланысты жіті тіс ауруының басталуына немесе тістерді алып тастауға немесе пломбалауға шығыстар;

в) ауруханаішілік бақылауға арналған шығыстар. Сақтандырушы ауруханаға жатқызылған науқастардың жай-күйін бақылауды ұйымдастырады және Сақтандырылушының отбасына оның жай-күйі туралы хабарлайды;

г) төтенше жағдайларда медициналық препараттарды ұсынуға байланысты шығыстары;

д) қажет болған жағдайда дәрігер-маманның қызметтерін ұсынуға арналған шығыстар. Медициналық қажеттілік болған жағдайда, сол жерде көрсетілетін емдеу нәтиже бермесе, ал науқас тасымалдауға келмейтін жағдайда болса, Сақтандырушы дәрігер-маманның Сақтандырылушыға баруын ұйымдастырады;

2) Медициналық-көліктік көмек көрсетуге байланысты шығыстар:

а) сақтандыру жағдайы басталған кезде тасымалдау шығыстары.

Сақтандырылушының жіті медициналық жағдайдайында, Сақтандырушы тағайындаған дәрігер жергілікті емдеуші дәрігермен кеңесіп, оның кәсіби пікіріне сәйкес, науқасты емдеу үшін басқа ауруханаға жеткізу қажет екенін анықтаған кезде, Сақтандырушы осындай медициналық бақылауымен ем ұсынуға қабілетті жақын жердегі ауруханаға тасымалдауды ұйымдастырады.

Сақтандырушы тағайындаған дәрігер жергілікті емдеуші дәрігермен кеңесіп, оның кәсіби пікіріне сәйкес, науқастың жағдайы оны тұрақты тұратын елге тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін анықтаған жағдайда, Сақтандырушы мүмкіндігінше қысқа мерзімде тасымалдауды ұйымдастырады.

Сақтандырылушының жіті медициналық жағдайдайында, Сақтандырушы тағайындаған дәрігер жергілікті емдеуші дәрігермен кеңесіп, оның кәсіби пікіріне сәйкес, медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты Сақтандырылушы жоспарлы шығу күніне өзінің тұратын аумағына қайтып бара алмайтынын анықтаса, Сақтандырушы Сақтандырылушының тұратын еліндегі тұратын жеріне жақын орналасқан халықаралық әуежайға дейін экономикалық класспен оның жол ақысын (қайтып оралуын) төлейді;

б) үшінші тұлғалар үшін көлікке төлеуге байланысты шығыстар. Медициналық қажеттілі болып, жалғыз саяхаттаушы Сақтандырылушы, Полисте көрсетілген сақтандыру

аумағында жеті күннен астам мерзімге ауруханаға жатқызылса, Сақтандырушы Сақтандырылушы көрсететін бір адамға науқасқа бару үшін экономикалық класспен екі жаққа әуе билетін алып береді. Сақтандырылушы ауруханаға жатқызылған елде бұл тұлғаның тұруына байланысты шығыстарды Сақтандырушы өтемейді;

в) Сақтандырылушының асырауындағы адамдарды қайтаруға байланысты шығыстар. Сақтандырылушының асырауындағы балалар, Сақтандырылушының сырқаттануына немесе жазатайым оқиғаға байланысты Полисте көрсетілген сақтандыру аумағында қараусыз қалатын болса, Сақтандырушы оларға тұрақты тұратын елге экономикалық сыныпта қайту үшін жолақысын (қайтып оралуына) ақы төлейді. Қажетті дайындықтар жасау үшін сервистік компанияның диспетчерлік орталықтарының бірімен байланысу керек. Егер білікті алып жүрушілер қажет болатын болса, ал әуе жолдары оларды ұсынбаса, онда алып жүрушілерді Сақтандырушы ұсынады.

г) Сақтандырылушының денесін (сүйектерін) қайтаруға байланысты шығыстар. Сақтандырушы Сақтандырылушының денесін (сүйектерін) оның тұратын елінде Сақтандырылушының тұратын жеріне жақын орналасқан халықаралық әуежайға дейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде қайтаруды ұйымдастырады. Бұл ретте Сақтандырушы жерлеу қызметтері және жерлеуге жұмсалған шығыстарды көтермейді.

10-тарау. Сақтандыру тәуекелі. Сақтандыру жағдайлары

35. Сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдылығы және сақтандыру нысанына келтірілген ықтимал зиян сақтандыру тәуекелі болып табылады.

36. Төмендегілер сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) кенеттен басталатын жіті аурулар;
- 2) жазатайым оқиға нәтижесінде алынған ағзалар мен тіндердің жарақаттық зақымдануы;
- 3) жіті тіс ауруы, бірақ бір сапарда бір реттен артық емес, 75 евроға баламалы сомадан аспайтын мөлшерде.

4) Осы Сақтандыру ережесінің 34-тармақ 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша шығыстарды жүзеге асыру.

37. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде аталған барлық белгілерге ие болуға тиіс:

- 1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
- 2) оқиғаның нақты басталу уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі шығындар мөлшеріне қатысты болжамсыздық;

3) оқиға шарттың қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті болуы тиіс екендігі қаупінің болмауы, бұл туралы тараптар немесе, ең болмағанда сақтанушы алдын ала білген немесе алдын ала ескертілген болуы тиіс;

4) оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін кері, тиімсіз экономикалық салдарының болуы;

5) оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) еркіне және (немесе) ниетіне байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтысты алу (алып сатарлық тәуекел) мақсатын көздейді.

38. Осы Сақтандыру ережесінің 37-тармағында көзделген оқиғалар, егер олар Полисте көрсетілген сақтандыру аумағында сақтандыру шартының/полисінің қолданылу кезеңінде болған болса, сақтандыру жағдайлары болып танылады.

11-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

39. Мыналар сақтандыру жағдайлары болып табылмайды:

1) Сақтандыру шарты күшіне енгенге дейін Сақтандырылушының аурумен немесе жарақаттарымен тікелей немесе жанама байланысты Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауы немесе қайтыс болуы, сондай-ақ осы оқиғамен байланысты кез келген шығыстар;

2) Сақтандырылушының денсаулық жағдайы бойынша оған саяхаттау қарсы көрсетілген болса;

3) жыныстық жолмен берілетін аурулар мен венерологиялық аурулар;

4) психикалық аурулар және олардың асқынулары;

5) онкологиялық аурулар;

6) туберкулез;

7) кенеттен асқынған немесе жазатайым оқиғадан басқа, жүктілік, босану, түсік тастау жағдайы (Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіп төндіретін жағдайлар ерекшелікті құрайды, бірақ барлық жағдайларда жүктілік мерзімі 12 аптадан аспауы тиіс.);

8) Полисте көрсетілген сақтандыру аумағында ем алу мақсатында, әдейі Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауы немесе қайтыс болуы;

9) кез келген іспен, қолөнермен немесе кәсіппен, секірумен, автожарыспен және жарыстармен, кәсіби немесе ұйымдасқан спортпен, альпинизммен шұғылданумен, арқандар мен жолсеріктерді пайдалануды орынды талап ететін, үңгірге түсумен, трамплиннен суға секірумен, қысқы спорт түрлерімен және ұшудың кез келген түрлерімен (тұрақты авиарейспен немесе белгіленген бағыт бойынша лицензияланған чартерлік рейспен жол жүруге ақы төлеген жолаушы ретінде жасалатындарды қоспағанда) байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру (денсаулық жағдайының нашарлауы) немесе өлімі, егер қосымша тәуекел қосымша сақтандыру сыйлықақысымен төленбесе;

10) алкогольдік ішімдіктерді пайдалану, есірткі құралдарын немесе өзге де рұқсатсыз заттарды пайдалану, сондай-ақ өзін ақталмаған тәуекелге душар етуі (басқа адамның өмірін сақтап қалу әрекеттерінен басқа); өзіне қасақана дене жарақаттарын (зақымдануды) келтірумен тікелей себептік байланыстағы Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру (денсаулық жағдайының нашарлауы) немесе қайтыс болуы;

11) соғыстың кез келген салдарларымен (жарияланған немесе жарияланбаған), әскери іс-әрекеттермен, маневрлермен немесе өзге де әскери іс-шаралармен; азаматтық соғыспен, түрлі халық толқуларымен немесе ереуілдермен; ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың әсерімен; Сақтандырушының өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін мемлекеттік билік органдарының әрекеттері мен шешімдерімен байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру (денсаулық жағдайының нашарлауы) немесе оның қайтыс болуы.

40. Осы Ережеге сәйкес, төмендегілер шұғыл медициналық және медициналық-көліктік көмек бойынша сақтандыру төлемдеріне жатпайды:

1) сөзсіз франшиза, егер оны енгізу сақтандыру шартында көзделсе;

2) Сақтандырушы тағайындаған медициналық консультанттың пікірі бойынша, жергілікті емдеуге болатын және Сақтандырылушының саяхатын жалғастыруға кедергі келтірмейтін елеусіз сырқаттану немесе жарақаттар болған жағдайда эвакуациялау/қайтару бойынша шығыстар;

3) Сақтандырушы ұйымдастырмаған кез келген көшіруге және/немесе репатриацияға (қайтаруға) қатысты шығыстар, сондай-ақ Сақтандырылушының тұрақты тұратын еліне көшіруден ерікті түрде бас тартуы нәтижесінде туындаған шығыстар;

4) пластикалық және қалпына келтіру хирургиясына және тіс пен көзді қоса алғанда, түрлі протездеуге байланысты шығыстар;

5) медициналық тұрғыдан қажетті болып табылмайтын қызметтерді ұсынуға немесе дәрігер тағайындамаған емшараларына байланысты шығыстар;

6) дәстүрлі емес әдістермен емдеуге байланысты шығыстар;

7) шипажайлық-курорттық емдеуге, шипажайлық, терапевтік немесе қамқоршылық күтімге арналған шығыстар;

8) жүктілік пен босанудың қалыпты немесе патологиялық өтуіне байланысты шығыстар;

9) жазатайым оқиғаның басталуына байланысты емес, жүктілікті жасанды тоқтатуға арналған шығыстар;

10) кез келген профилактикалық тексерумен, жалпы медициналық тексерумен, егумен байланысты шығыстар;

11) иммундық тапшылық вирусын /ЖИТС/ жұқтыруына байланысты шығыстар немесе өзге де жауапкершілік//;

- 12) Сақтандырылушының кез келген елдің Қарулы күштерінде әскери қызмет етуі нәтижесінде келтірілген шығыстар;
- 13) өзге сақтандыру полистерінің негізінде өтелуі мүмкін шығыстар;
- 14) медициналық емес сипаттағы шығыстар, мысалы, телефон арқылы сөйлесулер, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушымен немесе Сақтандырушының өкілімен телефон/факсимильдік байланыс жағдайларын қоспағанда;
- 15) уақытша болатын елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырылушыға қатысты әкімшілік жаза немесе қылмыстық қудалауға әкеп соқтыатын құқыққа қарсы іс-әрекет жасауға немесе әрекеттенуге байланысты шығыстар;
- 16) вирусты гепатиттерді жұқтыруға, ауруына немесе аурудың салдарына байланысты шығыстар, жауапкершілік;
- 17) Сақтандырылушының туыстары жүзеге асыратын, олардың дипломы бар медицина қызметкері болып табылуына/табылмауына қарамастан, оның емделуімен және/немесе күтіміне байланысты шығыстар;
- 18) тиісті лицензиясы жоқ медициналық мекеменің (дәрігердің) қызмет көрсетуіне байланысты шығыстар, немесе медициналық көмек көрсету сәтінде лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болса;
- 19) сақтандыру мерзімінің қолданылу басталғанға дейін және/немесе ол аяқталғаннан кейін болған кенеттен аурудың немесе жазатайым оқиғаның басталуына байланысты шығыстар, сондай-ақ Сақтандырылушының тұрақты тұратын еліне қайтып оралғаннан кейін орын алған шығыстар.

12-тарау. Сақтанушының сақтандыру оқиғасы басталған кездегі іс-қимылдары

41. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылушы дереу, бірақ кез келген жағдайда ол басталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей, сервистік компанияның диспетчерлік орталықтарының біріне немесе сақтандыру полисінде көрсетілген мекенжайлар бойынша тікелей Сақтандырушыға болған оқиға туралы хабарлауға (қоңырау шалуға, факсимильдік хабарлама жіберуге, электрондық пошта арқылы хат жіберуге, өтініш беруге) міндетті. Бұл ретте келесі ақпаратты хабарлау керек:

- 1) Сақтандырылушының тегі, аты;
- 2) сақтандыру полисінің нөмірі;
- 3) орын алған жағдайдың сипаттамасы және талап етілетін көмектің сипаты;
- 4) Сақтандырылушының орналасқан жері және кері байланыс үшін телефон нөмірі.

42. Дәрігер консультациясының немесе ауруханаға жатқызар алдында Сақтандырылушының сервистік компанияның диспетчерлік орталықтарының бірімен немесе Сақтандырушымен тікелей байланысуға физикалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, Сақтандырылушы бірінші мүмкіндік болған жағдайда, осы Ереженің 42-тармағында көрсетілген тәсілмен сервистік компанияның диспетчерлік орталықтарының бірін немесе Сақтандырушыны хабардар етуге тиіс.

43. Егер Сақтандырылушы шығыстарды дербес төлеген жағдайда, Сақтандырылушы Қазақстанға келген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша өтінішті және осы Ереженің 46-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайын реттеу бойынша шығыстарды төлеу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

44. Сақтандырылушы, тексеруді немесе емдеуді орындайтын дәрігерді, сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның басталуына байланысты Сақтандырушы алдындағы кәсіби дәрігерлік құпияны сақтау міндетінен босатуы тиіс.

13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

45. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мыналар қоса берілуі тиіс:

- 1) Сақтандыру полисінің түпнұсқасы.
- 2) медициналық көмекке жүгінген сәттегі Сақтандырылушының диагнозы, денсаулық жағдайы туралы және жүргізілген медициналық манипуляциялар туралы мәліметтер қамтылған түпнұсқалық медициналық құжаттар немесе жазатайым оқиға туралы медициналық құжаттар;

3) жазатайым оқиға немесе жарақат фактісін және оқиғаның мән-жайын растайтын ресми хаттама немесе анықтама;

4) дәрігерлер мен медициналық мекемелердің шоттарының түпнұсқалары, медициналық шығыстар мен дәрі-дәрмектерді төлеу түбіртектері (медициналық қызмет көрсеткен медициналық мекемеден тыс дәрі-дәрмектерді сатып алу кезінде рецепттердің болуы міндетті);

5) Сақтандырылушының амбулаториялық картасынан үзінді көшірме;

6) жүргізілген диагностикалық зерттеулердің нәтижелері (рентген суреттер, МРТ, КТ-зерттеулер, зертханалық зерттеулер және т.б.)

7) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау белгілері бар, Сақтандырылушының шетелдік паспортының нотариалды куәландырылған көшірмесі.

46. Осы Сақтандыру ережесінің 46-тармағында көрсетілген құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, Сақтандырылушы (Пайда алушы) мұндай құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасын ұсынады.

47. Сақтандырушыға шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда, соңғысы соңғы құжат ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етеді.

14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүргізу тәртібі мен талаптары

48. Сақтандыру төлемі:

1) Сақтандырылушы сервистік компания (Сақтандырушының өкілі) арқылы ұйымдастырылған медициналық қызметтерді пайдаланған жағдайда жүзеге асырылады, медициналық мекеме немесе дәрігер шотты және медициналық құжаттарды тікелей сервистік компанияға (Сақтандырушының өкіліне) жібереді, алсоңғысы шығындарды реттейді және есеп айырысуларды жүргізеді;

2) Сақтандырылушы шығыстарды осы Ережеге сәйкес өзі төлеген жағдайда жүзеге асырылады, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету туралы талаптар сақталған кезде, Сақтандырушы, сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініш пен сақтандыру жағдайын реттеу бойынша шығыстарды төлеу фактісін растайтын ұсынылған түпнұсқалық құжаттар негізінде, Қазақстанға келген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Сақтандыру сомасының шегінде оған осы шығыстарды өтейді.

49. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Сақтандыру ережесінің 13-тарауында көзделген сақтандыру жағдайына қатысты барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемінен дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті.

50. Сақтандыру төлемінің есебі Сақтандырылушы медициналық көмекке алғашқы жүгінген күндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валютасының бағамы бойынша шоттар мен түбіртектердің түпнұсқаларының негізінде жасалады. Сақтандыру төлемі ұлттық валюта – теңгемен жүзеге асырылады.

51. Сақтандыру ережесін тоқтату талаптары осы Сақтандыру ережесінің 15-тарауына сәйкес анықталады.

52. Дауларды шешу тәртібі осы Сақтандыру ережесінің 16-тарауына сәйкес анықталады.

15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

53. Сақтандыру шарты мына жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

1) оның қолданылу мерзімі өткен соң;

2) Сақтандырушы шарт бойынша Сақтанушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындаған;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) тұрғылықты тұратын еліне шекарадан өткен кезде саяхат аяқталған;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушы таратылған жағдайда;

5) Сот сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған;

6) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша.

54. Осы сақтандыру Ережесінің 54-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бір бөлігіне құқығы бар.

55. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру мерзімі басталғаннан кейін сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтаруға жатпайды.

56. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартынан сақтандыру мерзімі басталғанға дейін бас тартқан кезде сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) мынадай мөлшерде қайтарылуға тиіс:

1) Елшіліктердің виза ашудан бас тартуына байланысты – Елшіліктің бас тартуының түпнұсқасы міндетті түрде ұсынылған жағдайда, төленген сақтандыру сыйлықақысының 100%;

2) кез келген басқа себеп бойынша – төленген сақтандыру сыйлықақысының 75 %.

57. Сақтандыру шартын тоқтатудың барлық жағдайларында Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға сақтандыру полисінің түпнұсқасын қайтаруға міндетті.

16-тарау. Дауларды шешу тәртібі

58. Сақтандыру шартын жасасқан тараптардың арасындағы даулардың барлығы келіссөздер арқылы шешілетін болады.

59. Туындаған дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар жауапкердің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешілуге жатады.

17-тарау. Қосымша талаптар

60. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарлама-ескертпелер, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер жазбаша нысанда орындалуы тиіс.

61. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарлама-ескертпелер, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер оның жөнелтілуін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуге тиіс.

62. Полис жоғалған кезде Сақтанушы Сақтандырушыны хабардар етуге және Полистің телнұсқасын алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған Полис жарамсыз болады.

4-бөлім. Шетелде саяхат кезінде азаматтардың өмірін жинақтаушы емес сақтандыру

18-тарау. Сақтандыру тәуекелі. Сақтандыру жағдайлары

63. Сақтандыру шартының (сақтандыру қорғауының) қолданылу кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы (тәуекелі) болып табылады.

19-тарау. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі

64. Сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін, сақтандыру шарты бойынша анықталған ақша сомасы сақтандыру сомасы болып табылады.

65. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі.

20-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

66. Осы Ереженің 64-тармағында көзделген сақтандыру жағдайы сақтандыру жағдайлары болып табылмайды, егер ол сақтандыру полисінде көрсетілген аумақта орын алған болса.

67. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізбейді, егер Сақтандырылушының қайтыс болуы төмендегі жағдайлардың салдарынан тікелей немесе жанама орын алған болса:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымдану әсерлері;
- 2) әскери қимылдар, әскери құрылымдарда қызмет ету;
- 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер;
- 4) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

- 5) заң актілерінде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы Сақтандырылушының қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;

- 6) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуы;

- 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануы, сондай-ақ сақтандыру оқиғасы басталған сәтте Сақтандырылушының алкогольдік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуы.

68. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

- 1) Сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлауы;

- 2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

- 3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдың тиісті өтемін алуы;

- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

- 5) сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу;

- 6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлға қойылатын талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының сақтандырушыға ауысуы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойған болса, сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;

- 7) заң актілерімен көзделген өзге де жағдайлар.

69. Егер Пайда алушы дәлелді себептер бойынша, Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс. Бұл ретте, Сақтандырушыға Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламағаны немесе уақтылы хабарламауы Сақтанушының ырқына келмейтін себептер бойынша болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемді жүзеге асыруынан бас тарту үшін негіздеме бола алмайды.

Сақтанушының ырқынан тыс жағдаяттар, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б. хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі болып табылады;

70. Егер Полистің үздіксіз қолданылуының алғашқы екі жылы ішінде Сақтандырылушының қайтыс болуы мынадай оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтандырылушының өзін-өзі өлтіруі немесе өлтіруге талпынуы;

- 2) АИВ-инфекциясымен ауруы;
- 3) қатерлі ісіктің туындауына байланысты аурулар.

21-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталған кездегі Сақтанушының іс-қимылдары

71. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушыны хабардар ету міндеті Пайда алушыға жүктеледі.

72. Пайда алушы ең қысқа мерзімде (басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде) сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға (факсимильдік хабарлама, электрондық пошта арқылы хат жіберу, өтініш беру) міндетті. Бұл ретте келесі ақпаратты хабарлау керек:

- 1) Сақтандырылушының тегі, аты;
- 2) сақтандыру полисінің нөмірі;
- 3) болған мән-жайлардың сипаттамасы;
- 4) Пайда алушының орналасқан жері және кері байланыс үшін байланыс телефонының нөмірі.

22-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

73. Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін:

- 1) Сақтандыру полисінің көшірмесі (бар болса);
- 2) қайтыс болу туралы дәрігерлік куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) қайтыс болу туралы дәрігерлік куәлік;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және оқиғаның мән-жайын растайтын ресми хаттама немесе анықтама (болған жағдайда);
- 5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау белгілері бар, Сақтандырылушының шетелдік паспортының нотариалды куәландырылған көшірмесі (бар болса);
- 6) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, банк деректемелері және ЖСН;
- 7) мұрагерлікке құқыққа кіру туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер заң бойынша мұрагерлер Пайда алушылар болып табылса).

74. Осы Сақтандыру ережесінің 73-тармағында көрсетілген құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, Сақтандырылушы (Пайда алушы) мұндай құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасын ұсынады.

75. Сақтандырушыға шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда, соңғысы соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы Пайда алушыны хабардар етеді.

23-тарау. Сақтандыру төлемін жүргізу тәртібі және талаптары

76. Егер сақтандыру оқиғасы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде және Полисте көрсетілген сақтандыру елдерінің аумағында орын алса, Сақтандыру төлемдері жүргізіледі.

77. Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемдері, заң бойынша мұрагерлерге жүргізіледі, егер сақтандыру шартында сақтандыру төлемін алу үшін басқа тұлға айқындалмаса.

78. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға осы Сақтандыру ережесінің 22-тарауында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге тиіс.

79. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Сақтандыру ережесінің 22-тарауында көзделген сақтандыру жағдайына қатысты барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін, күнтізбелік 30 күн ішінде, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемінен дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті.

80. Сақтандыру төлемі Сақтандырылушының медициналық көмекке алғашқы жүгінген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валютасының бағамы бойынша, Пайда алушының банктік шотына теңгемен төлем аударымымен жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі ұлттық валюта – теңгемен жүзеге асырылады.